

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
2025-2026 оқу жылындағы Сенат мәжілісінің**

№1 ХАТТАМАСЫНАН КӨШІРМЕ

Түркістан қаласы

Сағат – 15:00

Сенат залы

Қатысқандар: Сенат мүшелері

27 тамыз 2025 жыл

Сәрсенбі

Күн тәртібінде:

3. Әртүрлі мәселелер:

3.1 Университет ОПК-ның құжаттарын ғылыми атақ алу үшін ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсыну туралы (*Баяндамашы: Сенат хатшысы, регламент 10 минут*);

3.1.4 «Қазақ филологиясы» кафедрасының доцент міндетін атқарушы, филология ғылымдарының кандидаты Мағжан Сәуленің 60200 – Тіл және әдебиет ғылыми бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсыну.

Қаралды:

Сенат «Қазақ филологиясы» кафедрасының доцент міндетін атқарушы, филология ғылымдарының кандидаты Мағжан Сәуленің 60200 – «Тіл және әдебиет» ғылыми бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне жіберу туралы мәселесін қарады.

Сенат хатшысы А.Абибуллаева Мағжан Сәуленің 60200 – Тіл және әдебиет ғылыми бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алуға ұсынған құжаттары мен ғылыми және педагогикалық қызметімен таныстырды.

А.Абибуллаева: «Мағжан Сәуле Мағжанқызы университетте 2007 жылдан бері қызмет етіп келе жатыр, жалпы жұмыс өтілі 37 жыл, ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі 25 жыл. 2007 жылы филология ғылымдарының кандидаты (18 жыл), 2013 жылдан университет қауымдастырылған профессор (доцент) міндетін атқарушы (11 жыл) қызметінде, 2010-2014 жылдары Филология факультеті «Қазақ тілі» кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарған.

60200 – «Тіл және әдебиет» ғылыми бағыты бойынша филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор м.а. С.Мағжан – 90-нан аса ғылыми еңбектер жариялаған, оның ішінде 2 монографиясы, 8 оқу және оқу-әдістемелік құралы, 4 Scopus (Скопус) және Web of Science Core

Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) базасындағы ғылыми журналдардағы ғылыми жарияланымдар, сонымен қатар 30 Комитет тізбесіне енгізілген басылымдарда, алыс және жақын шетел конференцияларда 4 мақаласы, соңғы бес жылда 2 оқу құралы жарияланған.

Шығып сөйлегендер:

Сенат мүшесі, Филология факультетінің деканы PhD А.Өзтүрк сөз алып, «Қазақ филологиясы» кафедрасының доцент міндетін атқарушысы, филология ғылымдарының кандидаты Мағжан Сәуле Мағжанқызының 60200 – «Тіл және әдебиет» ғылыми бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін өтініш жазғандығын және құжаттары кафедра мәжілісінің ұсынуымен факультет кеңесінің қолдау білдіргенін айтып өтті:

- Мағжан Сәуле Мағжанқызы осы университетте 2007 жылдан бері қызмет істеп келеді. Университетте ғалым-педагог ретінде өз ісін жоғары деңгейде атқарады. Студенттік ғылыми-теориялық конференцияларда ғылыми жетекшілік жасап, жүлделі орындарға ие болған. 2010-2014 жылдары Филология факультеті «Қазақ тілі» кафедрасының меңгерушісі қызметін абыроймен атқарған.

Өз қызметіне жауапкершілікпен қарайтын тәжірибелі маман, оның ісін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсынуды қолдауларыңызды сұранамын.


Аттестаттау ісімен танысып шықтым. Мағжан Сәуле Мағжанқызы қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алуға лайықты деп есептеймін және ұсынысты қолдаймын.

Ашық дауыс беру нәтижесінде **СЕНАТ ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**

3.1.4 «Қазақ филологиясы» кафедрасының доцент міндетін атқарушы, филология ғылымдарының кандидаты Мағжан Сәуле Мағжанқызының аттестаттау ісі 60200 – «Тіл және әдебиет» ғылыми бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне жіберілсін және Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Сенатының шешімі ұсынылсын (*Жауапты: Сенат хатшысы Абибуллаева Айман Абибуллақызы*).

Сенат төрайымы
Сенат хатшысы

Ж.Темирбекова
А.Абибуллаева



А.Абибуллаева